АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

09.01.2026

Үшарал қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 29

город Ушарал

Ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету қызметтерін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету қызметтерін, оның ішінде бағдарламалық өнімді сүйемелдеу, «Мекеме» конфигурациясын толықтыру, сондай-ақ бағдарламалық өнімнің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бойынша қызметтерді «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А. Абишев**

001849

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишев

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

«Үшарал қалалық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есепті, қаржылық есептілікті және өзге де есептік процестерді уақтылы әрі сапалы жүргізу мақсатында қолданыстағы ақпараттық жүйені үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр.

Аталған ақпараттық жүйенің үздіксіз жұмыс істеуінің маңыздылығын, сондай-ақ техникалық қолдау мен сүйемелдеудің уақытылы көрсетілмеуі жүйенің істен шығуына, бухгалтерлік және қаржылық есептіліктің бұрмалануына, мемлекеттік органдарға есепті уақытында ұсынбау тәуекелдерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін екенін ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Альтернативті сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану бұл жағдайда тиімсіз, себебі қолданыстағы бағдарламалық өнімді сүйемелдеу, оның ішінде «Мекеме» конфигурациясын толықтыру, сондай-ақ бағдарламалық өнімнің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету қызметтері тек құқық иесі немесе уәкілетті жеткізуші арқылы жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген заң нормасына сәйкес, ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету қызметтерін, оның ішінде бағдарламалық өнімді сүйемелдеу, «Мекеме» конфигурациясын толықтыру, сондай-ақ бағдарламалық өнімнің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бойынша қызметтерді бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**